
 SOUTH KAZAKHSTAN STATE PEDAGOGICAL UNIVERSITY	«Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университет» КЕАҚ	
	Сапа менеджмент жүйесі «Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университет» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің, Басқармасының, Ішкі аудит қызметінің және Корпоративтік хатшысының қызметін бағалау туралы ЕРЕЖЕ	29 беттің 1 беті

"Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті" КЕАҚ
 Директорлар кеңесінің шешімімен
 бекітілген (№2 хаттама, 09.06.2023 ж.)




**«ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
 УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК
 ҚОҒАМЫ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ, БАСҚАРМАСЫНЫҢ, ІШКІ
 АУДИТ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫСЫНЫҢ
 ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ ТУРАЛЫ
 ЕРЕЖЕ**

Шымкент қ., 2023ж.

 SOUTH KAZAKHSTAN STATE PEDAGOGICAL UNIVERSITY	«Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университет» КЕАҚ	
	Сапа менеджмент жүйесі «Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің, Басқармасының, Ішкі аудит қызметінің және Корпоративтік хатшысының қызметін бағалау туралы ЕРЕЖЕ	29 беттің 2 беті

Мазмұны

1 Жалпы ережелер	3
2 Бағалау жүргізу процесі	4
3 Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комиттері мен мүшелерінің қызметін бағалау	6
4 Ішкі аудит қызметі мен оның жетекшісінің қызметін бағалау	7
5 Басқарма және Басқарма Төрағасы-Ректордың қызметін бағалау	8
6 Корпоративтік хатшының қызметін бағалау	9
7 Комплаенс-қызметтің қызметін бағалау	10
8 Бағалау нәтижелерін өңдеу әдісі және қарау тәртібі	10
9 Қорытынды ережелер	11
Қосымша 1 Директорлар кеңесінің жұмысын бағалау нысаны	12
Қосымша 2 Директорлар кеңесінің аудит Комитетінің жұмысын бағалау нысаны	14
Қосымша 3 Директорлар кеңесінің кадрлар, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі Комитетінің жұмысын бағалау нысаны	16
Қосымша 4 Директорлар кеңесінің стратегиялық жоспарлау Комитетінің жұмысын бағалау нысаны	18
Қосымша 5 Директорлар кеңесі мүшелерінің жұмысын бағалау нысаны	20
Қосымша 6 Ішкі аудит қызметінің мен оның жетекшісінің қызметін бағалау нысаны	22
Қосымша 7 Басқарма және оның Төрағасының қызметін бағалау нысаны	24
Қосымша 8 Корпоративтік хатшының қызметін бағалау	26
Қосымша 9 Комплаенс-қызметі қызметін бағалау	28

 SOUTH KAZAKHSTAN STATE PEDAGOGICAL UNIVERSITY	«Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджмент жүйесі «Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің, Басқармасының, Ішкі аудит қызметінің және Корпоративтік хатшысының қызметін бағалау туралы ЕРЕЖЕ	29 беттің 3 беті

1. Жалпы ережелер

1.1 «Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің, Басқармасының, Ішкі аудит қызметінің (бұдан әрі – ІАҚ) және Корпоративтік хатшысының қызметін бағалау туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы коммерциялық емес акционерлік қоғамды корпоративтік басқару кодексіне, Университет жарғысына сәйкес әзірленді және бағалау жүргізу процесін реттейді.

1.2 Бағалаудың негізгі мақсаты Директорлар кеңесі, Басқарма, ІАҚ және Корпоративтік хатшы қызметінің тиімділігін арттыру болып табылады.

1.3 Бағалауды Директорлар кеңесі жүргізеді және бұл:

-Директорлар кеңесі, Басқарма, ІАҚ және Корпоративтік хатшы жұмысының мықты және әлсіз тұстарын (артықшылықтары мен кемшіліктерін) айқындауға;

-Директорлар кеңесі, Басқарма, ІАҚ және Корпоративтік хатшы қызметінің бағыттарын түзетуге;

-Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелеріне, Басқарма Төрағасы мен мүшелеріне, ІАҚ жетекшісі мен қызметкерлеріне және Корпоративтік хатшыға сыйақы беру жүйесінің тиімділігін айқындауға;

-Басқарма мүшелерін, ІАҚ қызметкерлерін және Корпоративтік хатшыны оқыту және олардың біліктілігін арттыру қажеттілігін айқындауға мүмкіндік береді.

1.4 Директорлар кеңесі бағалаудың мынадай түрлерін жүзеге асырады:

-өзінің, Директорлар кеңесі мүшелерінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің жұмысын бағалау;

-Басқарма мен оның Төрағасының қызметін бағалау;

-ІАҚ мен оның жетекшісінің қызметін бағалау;

-Корпоративтік хатшының қызметін бағалау.


1.5 Бағалауды Директорлар кеңесі Кадрлар, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің тиісті бағасын ескере отырып жыл сайын жүзеге асырады. Өзін-өзі бағалау немесе бағалау сапасын арттыру үшін тәуелсіз консультант тарту Директорлар кеңесінің бағалау әдістері болып табылады. Тәуелсіз сыртқы консультант кем дегенде үш жылда бір рет тартылады.

1.6 Бағалау мынадай қағидаттарға сәйкес жүргізілуге тиіс:

-объективтілік;

-бағалау жүргізу жүйелілігі және бағалау көрсеткіштерін нақтылау;

-кешенділік;

 SOUTH KAZAKHSTAN STATE PEDAGOGICAL UNIVERSITY	«Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университет» КЕАҚ	
	Сапа менеджмент жүйесі «Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің, Басқармасының, Ішкі аудит қызметінің және Корпоративтік хатшысының қызметін бағалау туралы ЕРЕЖЕ	29 беттің 4 беті

-шынайлылық;

-құпиялылық.

1.7 Бағалау сауалнама жүргізу арқылы және/немесе консультациялық қызметтер көрсететін адамдар (бұдан әрі – консультант) тарта отырып немесе Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де тәсілдермен жүргізілуі мүмкін.

1.8 Жалпы Директорлар кеңесі мен оның әрбір мүшесінің, жалпы Басқарма мен оның Төрағасының, жалпы Ішкі аудит қызметі мен оның жетекшісінің, сондай-ақ Корпоративтік хатшының қызметіне жыл сайын бағалау жүргізуге 1.9 Корпоративтік хатшы жауапты болады.

Жалғыз акционер Директорлар кеңесін өз бағасын беруді дербес ішкі жұмысына өз бетінше немесе тәуелсіз консультантты тарта отырып жүргізе алады. Жалғыз акционер жүргізетін бағалау кезінде Директорлар кеңесі жүргізген бағалау нәтижелері, Қоғам қызметінің нәтижелері ескеріледі.

2. Бағалау жүргізу процесі

1.1 Бағалау жүргізу туралы шешімді Директорлар кеңесі қабылдайды. Бағалау жүргізу туралы шешімде бағалау жүргізу мерзімдері (кестесі), бағалау тәртібі мен құралдары, қажет етілетін ресурстар (материалдар, ақпарат, есептер) және басқа да қажетті құжаттар айқындалады.

1.2 Бағалау жүргізу үшін консультант тарту туралы шешім қабылданған жағдайда, бұл шешім нақты негіздемемен негізделуге тиіс. Атап айтқанда, консультант тарту үшін мынадай жағдайлар негіз бола алады:

1) Директорлар кеңесінің, Басқарманың, ІАҚ және Корпоративтік хатшының қызметіне сыни баға беру қажеттілігі;

2) алдыңғы бағалаудың тиімді нәтижелерінің болмауы;

3) Директорлар кеңесінің жаңа құрамын қалыптастыру сияқты маңызды корпоративтік оқиғалар алдында;


4) Директорлар кеңесінің шешімімен айқындалған өзге де жағдайлар.

1.3 Бағалау жыл сайын жылдық қаржылық есептілік аудитінің аяқталу қорытындысы бойынша жүзеге асырылады.

1.4 Бағалау жүргізу процесін Директорлар кеңесінің Төрағасы үйлестіреді.

1.5 Бағалау нәтижелері Директорлар кеңесінің жабық отырысында талқыланады, оған Директорлар кеңесінің мүшелері мен Корпоративтік хатшы ғана қатысады.

1.6 Осы отырыста Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің, Басқарманың, ІАҚ және Корпоративтік хатшының қызметін тұжырымдамалық тұрғыдан талқылап, олардың жұмысының тиімділігін

 SOUTH KAZAKHSTAN STATE PEDAGOGICAL UNIVERSITY	«Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университет» КЕАҚ	
	Сапа менеджмент жүйесі «Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің, Басқармасының, Ішкі аудит қызметінің және Корпоративтік хатшысының қызметін бағалау туралы ЕРЕЖЕ	29 беттің 5 беті

төмендеткен факторларды анықтауға және қызмет тиімділігін арттыру жолдарын ұсынуға, сондай-ақ Қоғам қызметін басқару мен бақылаудың басты бірқатар проблемаларын талқылауға тиіс.

1.7 Жалпы бағалау процесі:

1) Директорлар Кеңесінің, оның Комитеттерінің, Директорлар кеңесі мүшелерінің, Басқарманың, ІАҚ және Корпоративтік хатшының рөлдері мен қызметтерін;

2) Директорлар кеңесінің, оның Комитеттерінің, Директорлар кеңесі мүшелерінің, Басқарманың, ІАҚ және Корпоративтік хатшының міндеттерін;

3) Директорлар кеңесі, оның Комитеттері, Директорлар кеңесі мүшелері, Басқарма, ІАҚ және Корпоративтік хатшы жұмысының басымдықтарын;

4) Директорлар кеңесі жұмысының қолданыстағы рәсімдерін, сонымен қоса Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындау және өткізу практикасын, олардың жүйелілігі, Директорлар кеңесінің қызметін ақпараттық қамтамасыз ету мәселелерін;

5) Қоғамның ағымдағы позициясын және оның даму перспективаларын талқылауға жағдай жасауға тиіс.

2.8 Талқылау қорытындысы бойынша кері байланыс ұйымдастырылады, бұл конструктивті және нақты болуы қажет.

2.9 Басқарма мен оның Төрағасын, ІАҚ мен оның жетекшісін бағалау нәтижелерін талқылау кезінде бағаланушылар қатыспайды. Аталған адамдар өз қызметін бағалау процесіне тартылмауға тиіс.


2.10 Бағалау нәтижелері бойынша Директорлар кеңесі мынадай шаралар қолдануы мүмкін:

1) Директорлар кеңесі, Басқарма, ІАҚ және Корпоративтік хатшы алдағы жұмыстарында назарға алатын бірнеше басты міндеттерді/бағыттарды белгілеп беру;

2) Директорлар кеңесінің, оның Комитеттері мен мүшелерінің, Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің, ІАҚ жетекшісі мен қызметкерлерінің, Корпоративтік хатшының жоспарлары мен жұмыс әдістеріне ұсынымдар енгізу;

3) Басқарма Төрағасы-Ректорды және Басқарма мүшелерін, ІАҚ жетекшісі мен қызметкерлерін, сондай-ақ Корпоративтік хатшыны сайлау кезінде бағалау нәтижелері назарға алу.

2.11 Қоғамның Корпоративтік хатшысы Директорлар кеңесінің мүшелеріне бағалау жүргізуге арналған нысандарды Директорлар кеңесі бағалау жүргізу туралы шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жібереді.

 SOUTH KAZAKHSTAN STATE PEDAGOGICAL UNIVERSITY	«Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университет» КЕАҚ	
	Сапа менеджмент жүйесі «Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің, Басқармасының, Ішкі аудит қызметінің және Корпоративтік хатшысының қызметін бағалау туралы ЕРЕЖЕ	29 беттің 6 беті

2.12 Жұмыстың әлсіз тұстары деп бағалаудың орташа баллы үш баллдық бағалау кезінде 2-ден төмен, бес баллдық бағалау кезінде 3-тен төмен болған өлшемшарттар танылады, бұларға Директорлар кеңесі, Басқарма, Ішкі аудит қызметі және Корпоративтік хатшы тарапынан назар аударылуы қажет.

2.13 Бағалау нәтижелері Қоғамның Жалғыз акционеріне Жарғыда және Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен оның сұрау салуы бойынша берілуі мүмкін.

2.14 Жиналған ақпаратты жүйелеуді және өңдеуді жүзеге асыратын Корпоративтік хатшы оның объективтілігі мен құпиялылығы үшін жауапты болады.

2.15 Әрбір бағалау түрі бойынша нақты нәтижелер туралы ақпарат құпия ретінде белгіленеді және жария етуге жатпайды. Тәуелсіз консультанттың бағалау нәтижелері туралы есебі, сондай-ақ Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі толтырған сауалнамалар құпия ақпарат ретінде белгіленеді және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес сақталады.

3 Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комиттері мен мүшелерінің қызметін бағалау

3.1 Жалпы Директорлар кеңесінің қызметін бағалау өлшемшарттары:

1) Директорлар кеңесі мүшелерінің өз өкілеттіктері мен бірінші кезектегі міндеттерді түсінуі;

2) жұмыстағы стратегиялық маңыздылық және конструктивизм (Директорлар кеңесі Қоғамға стратегиялық басқаруды жүзеге асырады, Басқарманың конструктивті сыншысы болып табылады);

3) Директорлар кеңесінің университет миссиясы мен даму стратегиясына ықпалы;

4) Директорлар кеңесі мүшелерінің Директорлар кеңесінің бетпе-бет отырыстарына тұрақты қатысуы;

5) Директорлар кеңесінің отырыстарынан басқа, Қоғамның Басқарма мүшелерімен қарым-қатынас жасау үшін жеткілікті мүмкіндіктердің болуы;

6) Директорлар кеңесі төрағасының Директорлар кеңесінің жұмысын тиімді басқаруды жүзеге асыруы.

3.2 Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметін жеке-дара бағалау олардың Директорлар кеңесінің жұмысына белсенді қатысуына және жалпы Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігін арттыру үшін мүмкіндіктер табуына ықпал етеді.

3.3 Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау өлшемшарттары:

1) кәсіби тәжірибе;

2) саланың ерекшеліктерін білу;

- 3) сындарлы ұсыныстар;
- 4) стратегиялық көзқарас;
- 5) отырыстарға қатысу;
- 6) отырыстарға дайындық;
- 7) командалық жұмыс;
- 8) отырыстарда мәселелерді талқылауға белсенді қатысу.

3.3 Директорлар кеңесі Комитетінің қызметін бағалау кезінде:

- 1) Комитет қызметін өзі туралы қолданыстағы Ережемен салыстыруға;
- 2) Комитет қызметі нәтижелерінің Директорлар кеңесінің болжамдарына сәйкестігін бағалауға;

3) өз құзыреті шеңберінде Директорлар кеңесіне талқыланған мәселелер бойынша негізделген ұсынымдардың берілуін ескеруге ұсыным жасалады.

3.4 Директорлар кеңесі қызметті бағалау барысында келесі жылы өз жұмысында мән беруі қажет үш бағытқа дейін айқындауға тиіс.

3.5 Жалпы Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің және Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау үшін Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі 1-5 қосымшаларға сәйкес сауалнама толтырады.

2 Ішкі аудит қызметі мен оның жетекшісінің қызметін бағалау

4.1 ІАҚ қызметін бағалау кезінде ІАҚ қызметінің Ішкі аудит қызметі туралы бекітілген Ережеге сәйкестігі және ІАҚ қызметі нәтижелерінің университеттің тексерілген департаменттері қызметінің тиімділігіне ықпалы назарға алынады.

4.2 ІАҚ мен оның жетекшісінің қызметін бағалау жұмысты жандандыру және оның тиімділігін арттыру мақсатында жүргізіледі.

4.3 Жалпы ІАҚ қызметін бағалау өлшемшарттары:

1) Қоғамның Басқармасы мен құрылымдық бөлімшелерінен ІАҚ тәуелсіздігі;

2) өзіне жүктелген міндеттерді орындау кезінде ІАҚ объективтілігі;

3) ішкі аудит жүргізу қорытындысы бойынша Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің жұмысының тиімділігінен көрінген жұмыс нәтижелілігі;

4) ІАҚ Қоғам Басқармасымен өзара іс-қимыл жасау тиімділігі;

5) ІАҚ құрамының сапалық деңгейі (қызметкерлерінің білімі мен тәжірибесі тұрғысынан);

6) есептердегі негізгі мәселелер мен тәуекелдерді ауқымды және қысқаша сипаттамасы;

7) Директорлар кеңесі мүшелерінің талаптарын қанағаттандыратын, күн тәртібі мәселелеріне қорытындылар деңгейі;

	«Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университет» КЕАҚ	
	<p align="center">Сапа менеджмент жүйесі «Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің, Басқармасының, Ішкі аудит қызметінің және Корпоративтік хатшысының қызметін бағалау туралы ЕРЕЖЕ</p>	29 беттің 8 беті

8) ІАҚ жетекшісі мен оның қызметкерлерінің біліктілігін жүйелі түрде арттыру.

4.4 ІАҚ жетекшісінің қызметін бағалау өлшемшарттары:

1) ІАҚ жетекшісінің нақты білімі, тәжірибесі мен дағдылары;
 2) Қоғам үшін ішкі аудиттің барынша тиімділігін қамтамасыз ету;
 3) кәсіби саладағы соңғы өзгерістер туралы үнемі хабардар болу (стандарттар, заңнама және т.б.);

4) Директорлар кеңесінің отырыстарында талқылау кезінде ішкі аудит жүргізу нәтижесінде анықталған бұзушылықтарды біліктілікпен дәлелдей білу;

5) өз позициясын қорғай білу;

6) жылдық аудиторлық жоспардың уақтылы орындалуын қамтамасыз ету;

7) есептер мәтінін сауатты жасауды қамтамасыз ету;

8) Директорлар кеңесінің қарауына тоқсан сайынғы және жылдық есептерді уақтылы ұсыну.

4.5 Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті Ішкі аудит қызметі мен оның жетекшісінің қызметіне алдын-ала бағалау жүргізеді және оның нәтижелерін Директорлар кеңесінің отырысында қорытынды бағалау жүргізу үшін Корпоративтік хатшыға береді.

4.6 Ішкі аудит қызметі мен оның жетекшісінің қызметін талқылауды, жинақтауды және қорытынды бағалауды Директорлар кеңесі жүзеге асырады. Жалпы Ішкі аудит қызметін және оның жетекшісін бағалау үшін 6-қосымшаға сәйкес сауалнама толтырылады.

5. Басқарма және Басқарма Төрағасы-Ректордың қызметін бағалау

5.1 Басқарма қызметін бағалау өлшемшарттары:


1) Қоғам Басқармасының өзіне жүктелген міндеттерді тиімді іске асыруы;

2) Қоғамды тиімді басқаруды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, Басқарма мүшелерінің нақты білімінің, тәжірибесі мен дағдыларының болуы;

3) Қоғам Басқармасының жұмысында мақсаттар мен міндеттердің біртұтастығын, ұжымдық бірлікті қамтамасыз ету;

4) Қоғам Басқармасы Директорлар кеңесі отырыстарына шығаратын, Директорлар кеңесі мүшелерінің талаптарын қанағаттандыратын материалдардың сапасын қамтамасыз ету;

5) Директорлар кеңесінің отырыстарына оңтайлы шешімдер қабылдау үшін мейлінше объективті, нақты, ауқымды ақпарат беретін, Қоғам Басқармасы атынан баяндамалар ұсыну;

 SOUTH KAZAKHSTAN STATE PEDAGOGICAL UNIVERSITY	«Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университет» КЕАҚ	
	Сапа менеджмент жүйесі «Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің, Басқармасының, Ішкі аудит қызметінің және Корпоративтік хатшысының қызметін бағалау туралы ЕРЕЖЕ	29 беттің 9 беті

6) Қоғамның Даму стратегиясын сапалы және уақытылы іске асыру үшін Қоғам Басқармасының барлық қажетті шешімдерді қабылдай білуі;

7) Директорлар кеңесінің тапсырмаларын уақытылы және толыққанды орындау.

5.2 Басқарма Төрағасының қызметін бағалау өлшемшарттары:

1) Қоғамды тиімді басқару;

2) Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерін уақтылы орындау;

3) Қоғамда корпоративтік басқарудың тиімді жүйесін құра білу;

4) Қоғамның Жалғыз акционермен және Директорлар кеңесімен тиімді өзара іс-қимыл жасауын қамтамасыз ету;

5) алға қойылған стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін бастамашылық таныту;

6) есеп берудің жоғары деңгейі және алға қойылған міндеттердің орындалуы туралы Директорлар кеңесіне уақтылы хабарлау;

7) стратегиялық көзқарас пен саланы білу дағдысының жоғары деңгейі;

8) Директорлар кеңесінің отырысына дайындықтың жоғары деңгейі;

9) Басқарма Төрағасы мінез-құлқының тиісті іскерлік мінез-құлық практикасына сай болуы.

5.3 Жалпы Басқарманы және Басқарма Төрағасы-Ректорды бағалау үшін, Басқарма Төрағасы-Ректордан басқа, Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі №7 қосымшаға сәйкес сауалнама толтырады.

6. Корпоративтік хатшының қызметін бағалау

6.1 Корпоративтік хатшының қызметін бағалау кезінде:

1) Корпоративтік хатшының қызметін Қоғам Жарғысының және Корпоративтік хатшы туралы ереженің нормаларымен салыстыру;

2) Директорлар кеңесінің отырыстарын ұйымдастыруды бағалау;

3) Корпоративтік хатшының өзінің функционалдық міндеттерін орындауын бағалау;

4) Жалғыз акционермен және Директорлар кеңесімен өзара іс-қимыл жасауының тиімділігін бағалау жүргізіледі.


6.2 Корпоративтік хатшының қызметін бағалау өлшемшарттары:

1) Директорлар кеңесінің мүшелеріне толық түсініктемелер беру;

2) Комитеттер мен Директорлар кеңесінің жыл сайынғы Жұмыс жоспарын әзірлеу;

3) Комитеттер мен Директорлар кеңесінің Жұмыс жоспарының орындалуын қамтамасыз ету;

4) Директорлар кеңесінің мүшелеріне сұраған ақпаратты уақтылы ұсыну;

 SOUTH KAZAKHSTAN STATE PEDAGOGICAL UNIVERSITY	«Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университет» КЕАҚ	
	Сапа менеджмент жүйесі «Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің, Басқармасының, Ішкі аудит қызметінің және Корпоративтік хатшысының қызметін бағалау туралы ЕРЕЖЕ	29 беттің 10 беті

5) Директорлар кеңесінің мүшелеріне күн тәртібі мен материалдарды күні бұрын жіберу;

6) Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын құжаттарды түсіндіру;

7) Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын бақылауды қамтамасыз ету;

8) Директорлар кеңесі мен Қоғам органдары арасында уақтылы ақпарат алмасуды қамтамасыз ету болып табылады.

6.3 Корпоративтік хатшыны бағалау үшін Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі № 8 қосымшаға сәйкес сауалнама толтырады.

7 Комплаенс-қызметтің қызметін бағалау

7.1 Комплаенс-қызметтің қызметін бағалау кезінде:

1) Комплаенс-қызмет қызметін Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, корпоративтік басқару кодексінің, Қоғам Жарғысының және Комплаенс-қызмет туралы Ереженің нормаларымен салыстыру;

2) Комплаенс-қызметтің өзінің функционалдық міндеттерін орындауын бағалау;

3) Директорлар кеңесімен өзара іс-қимылдың тиімділігін бағалау.

7.2 Комплаенс-қызметтің қызметін бағалау критерийлері:

1) Директорлар кеңесінің мүшелеріне және қоғамның басқармасына егжей-тегжейлі түсініктемелер беру;

2) Комплаенс-қызметтің жыл сайынғы жұмыс жоспарын әзірлеу;

3) Комплаенс-қызметтің жұмыс жоспарын орындауды қамтамасыз ету;

4) Директорлар кеңесінің мүшелеріне Комплаенс-қызметтің жұмыс жоспарын орындау бойынша есепті уақтылы ұсыну;

5) Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын құжаттардың ережесін түсіндіру;


6) Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын бақылауды қамтамасыз ету;

7) Директорлар кеңесі мен қоғам органдары арасында уақтылы ақпарат алмасуды қамтамасыз ету.

7.3 комплаенс-қызметті бағалау үшін Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі 9-қосымшаға сәйкес сауалнама толтырады.

8 Бағалау нәтижелерін өңдеу әдісі және қарау тәртібі

8.1 Толтырылған сауалнамалар Корпоративтік хатшыға беріледі.

	«Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университет» КЕАҚ	
	Сапа менеджмент жүйесі «Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің, Басқармасының, Ішкі аудит қызметінің және Корпоративтік хатшысының қызметін бағалау туралы ЕРЕЖЕ	29 беттің 11 беті

8.2 Корпоративтік хатшы сауалнамалардағы деректерді мынандай жолдармен өңдейді:

1) Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі толтырған сауалнама бойынша сандық ақпараттың орташа мәндерін есептеу;

2) жұмыстың тиімділігін жалпы бағалауды сипаттайтын бағалау өлшемшарттарының әрқайсысы бойынша (Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесінің комитеттері, Басқарма, Ішкі аудит қызметі және Корпоративтік хатшы) жалпы орташа мәнді есептеу;

3) пікірлердің барлық қырын көрсететіндей етіп, бірақ авторды көрсетпей, әрбір бағалау объектісі бойынша барлық комментарийлер, ұсынымдар мен ұсыныстар туралы мәліметтер.

8.3 Корпоративтік хатшы бағалаудың жинақталған нәтижелерін Директорлар Кеңесінің Төрағасына Директорлар кеңесінің отырысында зерделеу және одан әрі талқылау үшін береді.

8.4 Осы отырыс барысында Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне бағалау нәтижелері бойынша сөз сөйлеу құқығын береді, олардың бағалау объектілерінің қызметін жетілдіруге бағытталған іс-шаралар жөніндегі ұсыныстарын жинайды. Бұл ретте Директорлар кеңесінің мүшелері өз қалауы бойынша өзінің анонимділігін аша алады, яғни, олардың әрқайсысы қандай баға, комментарий мен ұсыным бергенін хабарлай алады.


8.5 Отырыста бағалау нәтижелерін қараудың қорытындысы Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі мүшелерінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің, Басқарманың, Ішкі аудит қызметінің және Корпоративтік хатшының қызметін дамыту мен жетілдірудің бағыттары мен нақты іс-шаралары туралы Директорлар Кеңесінің қабылданған шешімдері болуға тиіс.

9 Қорытынды ережелер

9.1 Бағалау жүргізу өлшемшарттары Қоғамның корпоративтік құжаттарындағы өзгерістерді көрсету мақсатында кезең-кезеңмен қайта қаралып тұруға тиіс.

9.2 Ережені бекіту, сондай-ақ Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу, оның ішінде бағалау өлшемшарттарын өзгерту Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады.

9.3 Осы Ереже Директорлар кеңесі бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

	«Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университет» КЕАҚ	
	Сапа менеджмент жүйесі «Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын реттеу туралы ЕРЕЖЕСІ	29 беттің 12 беті

Қосымша 1

Директорлар кеңесінің жұмысын бағалау нысаны

Толтыру жөніндегі нұсқаулық!

- 1. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚТЫ САҚТАЙ ОТЫРЫП, ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ӘРБІР МҮШЕСІ ТОЛТЫРАДЫ**
- 2.1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша белгілеңіз, мынадай сұрақтар/бекітулер туралы Сіздің пікіріңіз қандай баллға сәйкес келеді:**
1. толықтай келіспеймін
 2. керісінше, келіспеймін
 3. бейтараптылықты ұстанамын
 4. керісінше келісемін
 5. толықтай келісемін
- 3. Егер жекелеген мәселелерді қолдану, Сіздің ойыңызша, Қоғамға қатысты болмаса және / немесе мәселе көтеріліп отырған жұмыс Қоғамда жолға қойылмаса, комментарий, ұсыным, ұсыныс енгізуіңізді сұраймыз.**
- 4. Сауалнаманы толтыру қорытындысы бойынша Корпоративтік хатшы 1-ден 5-ке дейінгі белгімен жауаптардың жалпы санын шығарады және сандық ақпараттың орташа мәні есептеледі, сондай-ақ комментарийлер, ұсынымдар, ұсыныстар тізбесі және т. б. жасалады.**

№	Бағалау өлшемшарттары	Баллмен бағалау	Пікірлер/ұсыныстар/тілектер
1.	Директорлар кеңесі мүшелерінің өз өкілеттіктері мен бірінші кезектегі міндеттерді түсінуі		
2.	Жұмыстағы стратегиялық маңыздылық және конструктивизм (Директорлар кеңесі Қоғамға стратегиялық басқаруды жүзеге асырады, Басқарманың конструктивті сыншысы болып табылады)		
3.	Директорлар кеңесінің университет миссиясы мен даму стратегиясына ықпалы		
4.	Директорлар кеңесі мүшелерінің Директорлар кеңесінің бетпе-бет отырыстарына тұрақты қатысуы		




SOUTH KAZAKHSTAN STATE
PEDAGOGICAL UNIVERSITY

«Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университет» КЕАҚ

Сапа менеджмент жүйесі
«Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы
Директорлар кеңесінің, Басқармасының, Ішкі аудит қызметінің және Корпоративтік хатшысының қызметін бағалау туралы ЕРЕЖЕ

29 беттің 13 беті

5.	Директорлар кеңесінің отырыстарынан басқа, Қоғамның Басқарма мүшелерімен қарым-қатынас жасау үшін жеткілікті мүмкіндіктердің болуы		
6.	Директорлар кеңесі төрағасының Директорлар кеңесінің жұмысын тиімді басқаруды жүзеге асыруы		
7.	Сіздің ойыңызша, Директорлар кеңесі келесі жылы күш-жігерін жұмылдыруы керек үш бағытты атаңыз.	1. 2. 3.	
Баллдардың орташа мәні			

 SOUTH KAZAKHSTAN STATE PEDAGOGICAL UNIVERSITY	«Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университет» КЕАҚ	
	Сапа менеджмент жүйесі «Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің, Басқармасының, Ішкі аудит қызметінің және Корпоративтік хатшысының қызметін бағалау туралы ЕРЕЖЕ	29 беттің 14 беті


Қосымша 2

Директорлар кеңесінің аудит Комитетінің жұмысын бағалау нысаны


Толтыру жөніндегі нұсқаулық!

- ҚҰПИЯЛЫЛЫҚТЫ САҚТАЙ ОТЫРЫП, ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ӘРБІР МҮШЕСІ ТОЛТЫРАДЫ.**
- 1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша белгілеңіз, мынадай сұрақтар / бекітулер туралы Сіздің пікіріңіз қандай баллға сәйкес келеді:**
 - толықтай келіспеймін
 - керісінше, келіспеймін
 - бейтараптылықты ұстанамын
 - керісінше келісемін
 - толықтай келісемін
- Егер жекелеген мәселелерді қолдану, Сіздің ойыңызша, Қоғамға қатысты болмаса және / немесе мәселе көтеріліп отырған жұмыс Қоғамда жолға қойылмаса, комментарий, ұсыным, ұсыныс енгізуіңізді сұраймыз.**
- Сауалнаманы толтыру қорытындысы бойынша Корпоративтік хатшы 1-ден 5-ке дейінгі белгімен жауаптардың жалпы санын шығарады және сандық ақпараттың орташа мәні есептеледі, сондай-ақ комментарийлер, ұсынымдар, ұсыныстар тізбесі және т. б. жасалады.**

Бағалау өлшемшарттары		Баллмен бағалау	Пікірлер / ұсыныстар / тілектер
Жалпы Ішкі аудит қызметінің жұмысын бағалау			
1.	Қоғамның сақтандыру, қаржы-шаруашылық қызметін бақылаудың тиімді жүйесін құруға ықпал етуі		
2.	Ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару жүйелерінің сенімділігі мен тиімділігін бақылауға жеткілікті назар аударуы		

 SOUTH KAZAKHSTAN STATE PEDAGOGICAL UNIVERSITY	«Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университет» КЕАК	
	Сапа менеджмент жүйесі «Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің, Басқармасының, Ішкі аудит қызметінің және Корпоративтік хатшысының қызметін бағалау туралы ЕРЕЖЕ	29 беттің 15 беті

3.	Комитет мүшелерінің тиісті тәжірибесі мен біліктілігі болуы және Комитет жұмысына айтарлықтай үлес қосуы		
4.	Директорлар кеңесінің мүшелері Комитет қараған мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдау үшін Комитеттен жеткілікті ақпарат алуы		
5.	Комитет отырыстары жақсы және тиімді ұйымдастырылуы, оның құзыреті шеңберіндегі мәселелерді талқылау үшін жүйелілік пен ұзақтықтың жеткілікті дәрежесінде болуы		
6.	Қоғамның Ішкі аудит қызметінің жоспарын, ресурстары мен өкілеттіктерін талқылауға, сондай-ақ Ішкі аудит қызметінің есептерін қарауға жеткілікті назар аударуы		
Орташа мән			

 SOUTH KAZAKHSTAN STATE PEDAGOGICAL UNIVERSITY	«Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университет» КЕАҚ	
	Сапа менеджмент жүйесі «Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің, Басқармасының, Ішкі аудит қызметінің және Корпоративтік хатшысының қызметін бағалау туралы ЕРЕЖЕ	29 беттің 16 беті

Қосымша 3

Директорлар кеңесінің кадрлар, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі Комитетінің жұмысын бағалау нысаны

Толтыру жөніндегі нұсқаулық!

1. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚТЫ САҚТАЙ ОТЫРЫП, ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ӘРБІР МҮШЕСІ ТОЛТЫРАДЫ
2. 1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша белгілеңіз, мынадай сұрақтар / бекітулер туралы Сіздің пікіріңіз қандай баллға сәйкес келеді:
 - 1- толықтай келіспеймін
 - 2- керісінше, келіспеймін
 - 3- бейтараптылықты ұстанамын
 - 4- керісінше келісемін
 - 5- толықтай келісемін
3. Егер жекелеген мәселелерді қолдану, Сіздің ойыңызша, Қоғамға қатысты болмаса және / немесе мәселе көтеріліп отырған жұмыс Қоғамда жолға қойылмаса, комментарий, ұсыным, ұсыныс енгізуіңізді сұраймыз.
4. Сауалнаманы толтыру қорытындысы бойынша Корпоративтік хатшы 1-ден 5-ке дейінгі белгімен жауаптардың жалпы санын шығарады және сандық ақпараттың орташа мәні есептеледі, сондай-ақ комментарийлер, ұсынымдар, ұсыныстар тізбесі және т. б. жасалады.

№ р/с	Бағалау өлшемшарттары	Баллмен бағалау	Пікірлер / ұсыныстар / тілектер
1.	Басқарма құрамына, Ішкі аудит қызметіне және Корпоративтік хатшылығына кандидаттарды сайлаудың немесе тағайындаудың тиімді жүйесін құруға ықпал етуі		
3.	Басқарма мүшелеріне сыйақы төлеу саясаты мен құрылымы жөнінде ұсыныстар әзірлеуі		
4.	Қызмет ауқымы мен түрі бойынша ұқсас компаниялармен салыстырғанда Басқарма мүшелері мен басқа қызметкерлерге сыйақы төлеу деңгейі мен		




«Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университет» КЕАҚ

Сапа менеджмент жүйесі
«Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы
Директорлар кеңесінің, Басқармасының, Ішкі аудит қызметінің және Корпоративтік хатшысының қызметін бағалау туралы ЕРЕЖЕ

29 беттің 17 беті

	саясатына салыстырмалы талдау жүргізуі және Директорлар кеңесіне хабарлауы		
5.	Директорлар кеңесінің мүшелері Комитет қараған мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдау үшін Комитеттен жеткілікті ақпарат алуы		
6.	Комитет мүшелерінің тиісті тәжірибесі мен біліктілігі болуы және Комитет жұмысына айтарлықтай үлес қосуы		
7.	Комитет отырыстары жақсы және тиімді ұйымдастырылуы, оның құзыреті шеңберіндегі мәселелерді талқылау үшін жүйелілік пен ұзақтықтың жеткілікті дәрежесінде болуы		
Орташа мән			

 SOUTH KAZAKHSTAN STATE PEDAGOGICAL UNIVERSITY	«Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университет» КЕАҚ	
	Сапа менеджмент жүйесі «Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің, Басқармасының, Ішкі аудит қызметінің және Корпоративтік хатшысының қызметін бағалау туралы ЕРЕЖЕ	29 беттің 18 беті

Қосымша 4

Директорлар кеңесінің стратегиялық жоспарлау Комитетінің жұмысын бағалау нысаны

Толтыру жөніндегі нұсқаулық!

- ҚҰПИЯЛЫЛЫҚТЫ САҚТАЙ ОТЫРЫП, ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ӘРБІР МҮШЕСІ ТОЛТЫРАДЫ**
- 1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша белгілеңіз, мынадай сұрақтар / бекітулер туралы Сіздің пікіріңіз қандай баллға сәйкес келеді:**
 - 1- толықтай келіспеймін
 - 2- керісінше, келіспеймін
 - 3- бейтараптықты ұстанамын
 - 4- керісінше келісемін
 - 5- толықтай келісемін
- Егер жекелеген мәселелерді қолдану, Сіздің ойыңызша, Қоғамға қатысты болмаса және / немесе мәселе көтеріліп отырған жұмыс Қоғамда жолға қойылмаса, комментарий, ұсыным, ұсыныс енгізуіңізді сұраймыз**
- Сауалнаманы толтыру қорытындысы бойынша Корпоративтік хатшы 1-ден 5-ке дейінгі белгімен жауаптардың жалпы санын шығарады және сандық ақпараттың орташа мәні есептеледі, сондай-ақ комментарийлер, ұсынымдар, ұсыныстар тізбесі және т. б. жасалады.**

№ р/с	Бағалау өлшемшарттары	Баллмен бағалау	Пікірлер / ұсыныстар / тілектер
1.	Директорлар кеңесі үшін даму стратегиясына қатысты, сонымен қоса ұзақ мерзімді перспективада Қоғам қызметінің тиімділігі мәселелеріне қатысты ұсыныстар әзірлеуі		
2.	Даму стратегиясын және оның жартыжылдық нақтылауларын қарауға жеткілікті назар аударуы		
3.	Директорлар кеңесінің тапсырмаларына және / немесе Қоғамның ішкі құжаттарының ережелеріне сәйкес өз құзыреті шегінде қызметтің негізгі түрлері		




«Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университет» КЕАҚ

Сапа менеджмент жүйесі
«Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы
Директорлар кеңесінің, Басқармасының, Ішкі аудит қызметінің және Корпоративтік хатшысының қызметін бағалау туралы ЕРЕЖЕ

29 беттің 19 беті

	бойынша ұсынымдар беруі		
4.	Директорлар кеңесінің мүшелері Комитет қараған мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдау үшін Комитеттен жеткілікті ақпарат алуы		
5.	Комитет мүшелерінің тиісті тәжірибесі мен біліктілігі болуы және Комитет жұмысына айтарлықтай үлес қосуы		
6.	Комитет отырыстары жақсы және тиімді ұйымдастырылуы, оның құзыреті шеңберіндегі мәселелерді талқылау үшін жүйелілік пен ұзақтықтың жеткілікті дәрежесінде болуы		
Орташа мән			

 SOUTH KAZAKHSTAN STATE PEDAGOGICAL UNIVERSITY	«Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университет» КЕАҚ	
	Сапа менеджмент жүйесі «Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің, Басқармасының, Ішкі аудит қызметінің және Корпоративтік хатшысының қызметін бағалау туралы ЕРЕЖЕ	29 беттің 21 беті

3								
Директорлар кеңесі мүшелесі 4								
Директорлар кеңесі мүшелесі 5								

Баллдардың орташа мәні

Директорлар кеңесінің комментарийі: бұл бөлімде Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің дағдысы мен білімін көрсетуге кедергі келтіретін, Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысу деңгейіне әсер ететін факторларды, өз білімін жетілдіруі қажет салаларды (бағыттарды) да белгілей алады.



«Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университет» КЕАҚ

Сапа менеджмент жүйесі
«Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы
Директорлар кеңесінің, Басқармасының, Ішкі аудит қызметінің және Корпоративтік хатшысының қызметін бағалау туралы ЕРЕЖЕ

29 беттің 22 беті

Қосымша 6

Ішкі аудит қызметінің мен оның жетекшісінің қызметін бағалау нысаны

Толтыру жөніндегі Нұсқаулық!

1. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚТЫ САҚТАЙ ОТЫРЫП, ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ АУДИТ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІНІҢ ӘРБІР МҮШЕСІ ТОЛТЫРАДЫ

2. 1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша белгілеңіз, мынадай сұрақтар / бекітулер туралы Сіздің пікіріңіз қандай балға сәйкес келеді:

1-толықтай келіспеймін

2-керісінше, келіспеймін

3-бейтараптылықты ұстанамын

4-керісінше келісемін

5-толықтай келісемін

3. Сауалнаманы толтыру қорытындысы бойынша Корпоративтік хатшы 1-ден 5-ке дейінгі белгімен жауаптардың жалпы санын шығарады және сандық ақпараттың орташа мәні есептеледі, сондай-ақ комментарийлер, ұсынымдар, ұсыныстар тізбесі және т. б. жасалады.

Бағалау өлшемшарттары		Баллмен бағалау	Пікірлер/нұсқаулар/ұсыныстар
Ішкі аудит қызметі жұмысын бағалау			
1.	Қоғамның Басқармасы мен құрылымдық бөлімшелерінен ІАҚ тәуелсіздігі		
2.	Өзіне жүктелген міндеттерді орындау кезінде ІАҚ объективтілігі		
3.	Ішкі аудит жүргізу қорытындысы бойынша Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің жұмысының тиімділігінен көрінген жұмыс нәтижелілігі		
4.	ІАҚ Қоғам Басқармасымен өзара іс-қимыл жасау тиімділігі		
5.	ІАҚ құрамының сапалық деңгейі (қызметкерлерінің білімі мен тәжірибесі тұрғысынан)		
6.	Есептердегі негізгі мәселелер мен тәуекелдерді ауқымды және қысқаша сипаттауы		



7.	Директорлар кеңесі мүшелерінің талаптарын қанағаттандыратын, күн тәртібі мәселелеріне қорытындылар деңгейі		
8.	ІАҚ жетекшісі мен оның қызметкерлерінің біліктілігін жүйелі түрде арттыру		
Ішкі аудит қызметі жетекшісінің қызметін бағалау			
1.	ІАҚ жетекшісінің нақты білімі, тәжірибесі мен дағдылары		
2.	Қоғам үшін ішкі аудиттің барынша тиімділігін қамтамасыз ету		
3.	Кәсіби саладағы соңғы өзгерістер туралы үнемі хабардар болу (стандарттар, заңнама және т.б.)		
4.	Директорлар кеңесінің отырыстарында талқылау кезінде ішкі аудит жүргізу нәтижесінде анықталған бұзушылықтарды біліктілікпен дәлелдей білу		
5.	Өз позициясын қорғай білу		
6.	Жылдық аудиторлық жоспардың уақтылы орындалуын қамтамасыз ету		
7.	Есептер мәтінін сауатты жасауды қамтамасыз ету		
8.	Директорлар кеңесінің қарауына тоқсан сайынғы және жылдық есептерді уақтылы ұсыну		
Баллдардың орташа мәні			



Басқарма және оның Төрағасының қызметін бағалау нысаны

Толтыру жөніндегі Нұсқаулық!

1. БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫН ҚОСПАҒАНДА, ҚҰПИЯЛЫЛЫҚТЫ САҚТАЙ ОТЫРЫП, ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ӘРБІР МҮШЕСІ ТОЛТЫРАДЫ.

2. 1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша белгілеңіз, мынадай сұрақтар / бекітулер туралы Сіздің пікіріңіз қандай баллға сәйкес келеді:

1-толықтай келіспеймін

2-керісінше, келіспеймін

3-бейтараптылықты ұстанамын

4-керісінше келісемін

5-толықтай келісемін

3. Сауалнаманы толтыру қорытындысы бойынша Корпоративтік хатшы 1-ден 5-ке дейінгі белгімен жауаптардың жалпы санын шығарады және сандық ақпараттың орташа мәні есептеледі, сондай-ақ комментарийлер, ұсынымдар, ұсыныстар тізбесі және т. б. жасалады.

Бағалау өлшемшарттары		Баллмен бағалау	Пікірлер / ұсыныстар / тілектер
Қоғам Басқармасын бағалауы			
1	Қоғам Басқармасының өзіне жүктелген міндеттерді тиімді іске асыруы		
2	Қоғамды тиімді басқаруды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, Басқарма мүшелерінің нақты білімінің, тәжірибесі мен дағдыларының болуы		
3	Қоғам Басқармасының жұмысында мақсаттар мен міндеттердің біртұтастығын, ұжымдық бірлікті қамтамасыз ету		
4	Қоғам Басқармасы Директорлар кеңесі отырыстарына шығаратын, Директорлар кеңесі мүшелерінің талаптарын қанағаттандыратын материалдардың сапасын қамтамасыз ету		
5	Директорлар кеңесінің отырыстарына оңтайлы шешімдер қабылдау үшін мейлінше объективті, нақты, ауқымды ақпарат беретін, Қоғам Басқармасы атынан баяндамалар ұсыну		
6	Қоғамның Даму стратегиясын сапалы және уақытылы іске асыру үшін Қоғам Басқармасының барлық қажетті шешімдерді қабылдай білуі		



SOUTH KAZAKHSTAN STATE
PEDAGOGICAL UNIVERSITY

«Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университет» КЕАҚ

Сапа менеджмент жүйесі
«Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы
Директорлар кеңесінің, Басқармасының, Ішкі аудит қызметінің және Корпоративтік хатшысының қызметін бағалау туралы ЕРЕЖЕ

29 беттің 25 беті


7. Директорлар кеңесінің тапсырмаларын уақтылы және толыққанды орындау

Баллдардың орташа мәні

Басқарма Төрағасының қызметін бағалау

- | | | | |
|----|--|--|--|
| 1. | Қоғамды тиімді басқару | | |
| 2. | Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерін уақтылы орындау | | |
| 3. | Қоғамда корпоративтік басқарудың тиімді жүйесін құра білу | | |
| 4. | Қоғамның Жалғыз акционермен және Директорлар кеңесімен тиімді өзара іс-қимыл жасауын қамтамасыз ету | | |
| 5. | Алға қойылған стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін бастамашылық таныту | | |
| 6. | Есеп берудің жоғары деңгейі және алға қойылған міндеттердің орындалуы туралы Директорлар кеңесіне уақтылы хабарлау | | |
| 7. | Стратегиялық көзқарас пен саланы білу дағдысының жоғары деңгейі | | |
| 8. | Директорлар кеңесінің отырысына дайындықтың жоғары деңгейі | | |
| 9. | Басқарма Төрағасы мінез-құлқының тиісті іскерлік мінез-құлық практикасына сай болуы | | |

Баллдардың орташа мәні

 SOUTH KAZAKHSTAN STATE PEDAGOGICAL UNIVERSITY	«Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университет» КЕАҚ	
	Сапа менеджмент жүйесі «Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің, Басқармасының, Ішкі аудит қызметінің және Корпоративтік хатшысының қызметін бағалау туралы ЕРЕЖЕ	29 беттің 26 беті

Қосымша 8

Корпоративтік хатшының қызметін бағалау

Толтыру жөніндегі Нұсқаулық!

1. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚТЫ САҚТАЙ ОТЫРЫП ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ӘРҚАЙСЫСЫ ТОЛТЫРАДЫ.

2. 1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша белгілеңіз, мынадай сұрақтар туралы Сіздің пікіріңіз қандай баллға сәйкес келеді:

1. толықтай келіспеймін
2. керісінше, келіспеймін
3. бейтараптықты ұстанамын
4. керісінше келісемін
5. толықтай келісемін

3. Сауалнаманы толтыру қорытындысы бойынша Корпоративтік хатшы 1-ден 5-ке дейінгі белгімен жауаптардың жалпы санын шығарады және сандық ақпараттың орташа мәні есептеледі, сондай-ақ комментарийлер, ұсынымдар, ұсыныстар тізбесі және т. б. жасалады.

№ р/с	Бағалау өлшемшарттары	Баллмен бағалау	Пікірлер / ұсыныстар / тілектер
1.	Директорлар кеңесінің мүшелеріне толық түсініктемелер беру		
2.	Комитеттер мен Директорлар кеңесінің жыл сайынғы Жұмыс жоспарын әзірлеу		
3.	Комитеттер мен Директорлар кеңесінің Жұмыс жоспарының орындалуын қамтамасыз ету		
4.	Директорлар кеңесінің мүшелеріне сұраған ақпаратты уақтылы ұсыну		
5.	Директорлар кеңесінің мүшелеріне күн тәртібі мен материалдарды күні бұрын жіберу		
6.	Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын құжаттарды түсіндіру		



SOUTH KAZAKHSTAN STATE
PEDAGOGICAL UNIVERSITY

«Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті» КЕАҚ

Сапа менеджмент жүйесі
«Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы
Директорлар кеңесінің, Басқармасының, Ішкі аудит қызметінің және Корпоративтік хатшысының қызметін бағалау туралы ЕРЕЖЕ

29 беттің 27 беті

7.	Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын бақылауды қамтамасыз ету		
8.	Директорлар кеңесі мен Қоғам органдары арасында уақтылы ақпарат алмасуды қамтамасыз ету болып табылады		
Баллдардың орташа мәні			